

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУМИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ ДЕПАРТАМЕНТ
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ ГОРОДА НУР-СҰЛТАНА
КОМИТЕТА САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы,
Достық көшесі, 13/3 ғимарат
тел: +7(7172)48-77-79, 57-60-59

010000, город Нур-Султан, район Есиль,
улица Достык, здание 13/3
тел: +7(7172)48-77-79, 57-60-59

№ _____

Нұр-Сұлтан қаласындағы шектеу және карантиндік шаралар туралы ҚАУЛЫ

6 мамыр 2021 жыл

Нұр-Сұлтан қаласы

Мен, Нұр-Сұлтан қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері С. Бейсенова, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 9, 36, 102, 104, 107-баптарына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ -293/2020 «Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын және пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» бұйрығына, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы «Шектеу карантиндік шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» № 68 қаулысына, «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 27 ақпандағы № 9 қаулысына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 5 наурыздағы № 10, «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 12, «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 13, «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 17, «Кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» мобильдік қосымшасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 18 қаулысына сәйкес, тұрғындар арасында коронавирустық инфекцияның тіркелуінің жоғары деңгейде сақталуын және Қазақстан Республикасында эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасы бойынша Нұр-Сұлтан қаласының «қызыл аймақта» болуын ескере отырып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары және қонақтарына келесі талаптарды сақтау жалғастырылсын:

1.1. бұқаралық іс-шараларды, отбасылық, еске алу іс-шараларын қосқанда, оның ішінде үйде (ауыз ашар, банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу және т.б.), «Ashyq» жобасына қатысатын объектілерде өткізілетін іс-шараларды қоспағанда (30 адамнан артық емес), ұйымдастыру және өткізуге, митингілер, шерулер, жиындар және т. б. өткізуге және қатысуға тыйым салу;

1.2. қызметі жаңартылмаған объектілерге: боулинг-орталықтарға, компьютерлік клубтарға, кинотеатрлар, («Ashyq» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда), бильярд, караокеге, кинорумдар, батуттар, түнгі клубтар, букмекерлік кеңселер мен ойын клубтарына, оның ішінде жабық үй-жайлардағы лотереялар, балалар ойын орталықтары, балалар ойын бөлмелері, ойын алаңдары мен аттракциондар, оның ішінде спорт объектілерінде орналасқандарды қоспағанда, мұз және роликті мұз айдындарына баруға тыйым салу;

1.3. «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік объектілеріне кіру үшін App Store және Play Market-тен жүктеу үшін қолжетімді «Ashyq» мобильді қосымшасын пайдалану қажет;

1.4. қоғамдық орындарға, оның ішінде қалалық қоғамдық көліктерге, қызметіне рұқсат етілген объектілерге барған кезде, сондай-ақ қоғамдық орындарда ашық ауада болған кезде (ашық ауада спортпен шұғылдану кезінде және 5 жасқа дейінгі балаларды қоспағанда) бетперде кию, қашықтықты сақтау және антисептиктерді пайдалану жөніндегі талаптарды қатаң сақтау.

1.5. әлеуметтік қашықтықты міндетті түрде 2 метрден кем емес сақтай отырып, жеке және топпен ашық ауада спорттық жаттығулар өткізуге рұқсат беру;

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, Нұр-Сұлтан қаласының кәсіпкерлер палатасы (келісім бойынша), Нұр-Сұлтан қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармаларының басшылары қамтамасыз етсін:

2.1. InfoKazakhstan.kz сайтынан электрондық форматта берілетін санитариялық нормаларға сәйкестік актісі негізінде объектілердің қызметін қайта бастау;

2.2. қоғамдық мониторинг мүмкіндігі үшін санитариялық нормаларға сәйкестік актісін объектіге кіре берісте көрінетін жерге орналастыру;

2.3. шектеу шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен таныстыру үшін InfoKazakhstan.kz сайтының жұмысы туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды ақпараттандыру;

2.4. кәсіпкерлердің және шаруашылық жүргізуші субъектілердің бұзушылықтарды жою үшін уақтылы шаралар қабылдауы мақсатында карантин режимін бұзу фактілері мен шағымдарын орналастыру үшін InfoKazakhstan.kz.сайтын пайдалану;

2.5. InfoKazakhstan.kz сайтына шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыратын инспекторлардың, аудиторлық ұйымдардың тізімін орналастыру;

2.6. «InfoKazakhstan.kz. сайтына кәсіпкерлік субъектісімен объектінің паспортына келушілердің ғимараттарды жоспарлы толтыруы туралы мәліметтерді енгізу (осы қаулымен және Бас мемлекет қаулысына «Қазақстан Республикасы тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының санитарлық дәрігері 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қосымшалармен анықталған шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің қызметіне қойылатын талаптарына «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 27 ақпандағы № 9 қаулысына сәйкес 1 адамға арналған белгіленген аумақты ескере отырып анықталады және енгізіледі және «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 17).

3. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне, Нұр-Сұлтан қаласының Кәсіпкерлер палатасына (келісім бойынша), Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы, Нұр-Сұлтан қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аумақтық басқармалары, кәсіпкерлік субъектілеріне, Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары мен қонақтарына:

3.1. келесі кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» жобасын іске асыруды жалғастыру:

- 1) фитнес-клубтар, йога орталықтары;
- 2) спа орталықтары;
- 3) сауналар, бассейндер;
- 4) компьютерлік клубтар, PlayStation клубтары (16 жасқа дейінгі тұлғаларды қоспағанда);
- 5) боулинг клубтары, орталықтары;
- 6) кинотеатрлар;

- 7) театрлар және филармониялар;
- 8) банкет залдарын, асхана, фаст-фуд, стрит-фуд үлгісіндегі объектілерді қоспағанда қоғамдық тамақтану объектілері;
- 9) облысаралық және қалааралық жүйелі емес (туристік) тасымалдар;
- 10) бильярд клубтары;
- 11) концерт залдары;
- 12) ерікті қатысушылар;
- 13) караоке;
- 14) банкет залдары;
- 15) көрмелер;
- 16) океанариум;
- 17) марафондар;
- 18) көрермендермен спорттық іс-шаралар.

3.2 осы қаулының 3-тармағы 3.1 тармақшасына сәйкес кәсіпкерлік объектілерінде «Ashyq» жобасын жүргізуді қамтамасыз етсін.

1) осы қаулының 3-тармағы 3.1 тармақшасына сәйкес «Ashyq» жобаны іске асыруға қатысатын кәсіпкерлік объектілерінің тізбесін айқындауды және Нұр-Сұлтан қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне ұсынуды қамтамасыз ету;

2) Нұр-Сұлтан қаласында тіркелген қатысатын кәсіпкерлік объектілеріне ресепшнмен кіру үшін App Store және Play Market-те жүктеуге қолжетімді «Ashyq» мобильді қосымшасын пайдалану қажеттілігі туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды хабардар етуді қамтамасыз ету;

3) «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік объектілерінде Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №18 қаулысына 4-қосымшаға сәйкес әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін шектеу өлшемшарттарын «қызыл аймақта» болуын ескере отырып, қолдануды қамтамасыз ету;

4) әкімдіктердің сайтында «Ashyq» жобасына қатысушылар, оның ішінде тестілік режимге қатысушылар мен ерікті қатысушылар туралы ақпаратты орналастыруды;

5) зертханалардың COVID-19-ға ПТР-тестілеу нәтижесі бойынша зертханалық ақпараттық жүйелерге мәліметтерді уақтылы енгізуін және оларды Ұлттық сараптама орталығының бірыңғай ақпараттық порталына (ҰСО БАП) беруін;

6) Call-орталықтарды ұйымдастыру арқылы халықты және кәсіпкерлерді оқыту бойынша техникалық қолдауды;

7) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде және осы қаулыда белгіленген талаптарды сақтамағаны үшін қолданыстағы заңнамада көзделген жауапкершілік туралы жобаға қатысушылардың назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

8) рұқсат беру құжаттары жоқ тыйым салынған қызмет түрлеріне және объектілерге қатысуға жол бермеу мақсатында (эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық

қорытынды немесе эпидемиялық маңыздылығы болмашы объектілер қызметінің басталғаны туралы хабарлама) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы «30» сәуірдегі №18 қаулысына 1-қосымшаға сәйкес өңірлік кәсіпкерлер палатасында «Ashyq» жобасына ерікті қатысушылардың өтінімдерін қарау сатысында келісу;

9) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №18 қаулысына 1-қосымшамен бекітілген алгоритмге сәйкес «Ashyq» жобасына жаңа қатысушыларды қосуды қамтамасыз етсін;

10) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №18 қаулысына 2-қосымшамен бекітілген алгоритмге сәйкес «Ashyq» жобасын енгізу және «сары»/қызыл» мәртебесі бар келушілерді анықтау кезінде әкімшілік ықпал ету шараларын қабылдау;

11) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі №18 қаулысына 3-қосымшамен бекітілген алгоритмге сәйкес жосықсыз қатысушыларды «Ashyq» жобасынан шығаруды қамтамасыз етсін.

4. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы, Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы, Білім беру басқармасы, Діни істер басқармасы, Нұр-Сұлтан қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы, «City Transportation Systems» ЖШС, зертханалар мен медициналық ұйымдар, мемлекеттік органдар, ұйымдар, кәсіпорындар, кәсіпкерлік субъектілері қамтамасыз етсін:

4.1. меншік нысанына қарамастан, қаланың зертханалары мен медициналық ұйымдарына ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық зерттеуге жолдаманы толтыру, зерттелетін адамның барлық деректерін ҚР БМСД №67 қаулысының 41-қосымшасында көрсетілген үлгіге сәйкес толтыру және электрондық жолдаманы ҰСО бірыңғай интеграциялық порталында (бұдан әрі – БИП) тіркеу(қол жеткізу мүмкін болған сәттен бастап);

4.2. оң нәтиже туралы хаттаманың көшірмесін және есепті 3 сағат ішінде қаланың санитарлық-эпидемиологиялық бақылау Департаментіне және Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына ұсыну;

4.3. КВИ-ға қарсы вакциналардың көлемін жеткізу туралы және КВИ-ға қарсы вакцинациялауға жататын контингенттер туралы ақпаратты КВИ-мен сырқаттанушылық бойынша эпидемиологиялық жағдайға байланысты қаланың бас мемлекеттік санитариялық дәрігерімен оларды вакцинациялаудың басымдылығын анықтау және келісу үшін ұсыну қамтамасыз етілсін.

4.4. өндірістік қажеттілікке байланысты меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдардың (ұйымдардың), ұлттық компаниялардың, кәсіпорындардың әкімшілік персоналының кемінде 80% қашықтықтан жұмыс режиміне көшу. Қызметкерлерді COVID-19-ға қарсы вакцинациялау жүргізілген жағдайда қашықтықтан және күндізгі жұмыс форматында жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмысы пайыздық арақатынасы бойынша талаптарды ескермей жүзеге асырылады. Бұл ретте COVID-19-ға қарсы вакцинаның толық

курсын алған және соңғы 6 ай ішінде COVID-19-бен ауырып жазылған барлық қызметкерлердің күндізгі режимде жұмыс істеуіне жол беріледі;

4.5. сауда объектілеріне, қызмет көрсету саласындағы объектілерге, қоғамдық көлікке және адамдар көп жиналуы мүмкін орындарға дезинфекциялық іс-шараларды жүргізу бойынша жұмысты күшейту;

4.6. қалалық қоғамдық көліктің жұмысын (қарбалас сағаттарда автобустар санының ұлғаюымен, соңғы аялдамада дезинфекциялау құралдарымен салонды өңдеу, барлық есіктерді ашу, жолаушыларға қолжетімді орындарда тері антисептигі бар санитайзерлерді орнату, әлеуметтік қашықтықты міндетті түрде сақтай отырып және жолаушылар мен жүргізушілердің бетперделерді киіп жүруі) **жұмысын кестесін жұмыс және сенбі күндері штаттық режимде сәйкес, жексенбі күндері жұмысына тыйым салумен ұйымдастыру;**

4.7. қалааралық, облыс ішілік автобус пен шағын автобус тасымалдарының жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен ұйымдастыру;

4.8. діни бірлестіктер объектілерінің жұмысын (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т. б.) күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен жұмыс және демалыс күндері ұйымдастыру. Ұжымдық діни іс-шараларды (оның ішінде «жұма намаз», күнделікті православиялық дұғалар және т. б.) мешіттер, православ шіркеулері және басқа да діни объектілер аумағында бір адамға кемінде 4 м есебімен маскалық режимді және әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, ашық ауада өткізуге рұқсат етіледі, бұл ретте объектілердің ішінде (қадір түні, ұжымдық ифтар (ауызашар), тарауық, діни жоралар және басқалар) бұқаралық іс-шаралар өткізуге, сондай-ақ «Ashyq» жобасына қатысатын қоғамдық тамақтандыру объектілерін қоспағанда, оларда орналасқан қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жұмысына тыйым салынады.

Зираттарға барған кезде қайтыс болған адамдардың зираттарын күтіп-ұстауға байланысты іс-шараларды өткізу үшін, сондай-ақ қайтыс болғандарды ерекше еске алу күні Радоницада (ата-аналар күні) адамдардың көп жиналуына жол бермеу, бет перде кию және әлеуметтік қашықтықты сақтау бойынша талаптарды сақтау қажет;

4.9. кеңестерді, отырыстарды күндізгі режимде өткізуге, оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігінің болмауы негізделген жағдайда ғана № 68 ҚР БМСДҚ-ның қосымшасына сәйкес алгоритмді сақтай отырып рұқсат ету;

4.10. ХҚКО жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаған жағдайда, қатаң түрде алдын ала Egov.kz, «EgovKZBot 2.0» telegram-ботпен брондау арқылы **жұмыс кестесін жұмыс және сенбі күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін белгілеу, жексенбі күндері жұмысына тыйым салумен ұйымдастыру;**

4.11. «Қазпочта» АҚ-ның жұмысын онлайн режимінде көрсетілмейтін қызметтер бөлігінде күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, **жұмыс кестесін**

жұмыс және сенбі күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін белгілеу, жексенбі күндері жұмысына тыйым салумен ұйымдастыру;

4.12. ұялы байланыс операторларының абоненттік бөлімшелерінің жұмысын онлайн режимінде көрсетілмейтін қызметтер бөлігінде күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып **жұмыс күндері және демалыс күндері штаттық режимде жұмыс кестесін белгілей отырып ұйымдастыру;**

4.13. денсаулық мектептеріне баруды 5 адамнан аспайтындай етіп ұйымдастырумен, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін денсаулық сақтау объектілерінің жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып штаттық режимде ұйымдастыру;

4.14. жеке медициналық орталықтардың, клиникалардың, стоматологиялардың жұмысын қатаң түрде алдын ала жазылу бойынша, күшейтілген санитариялық -эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен, **жұмыс кестесін жұмыс және демалыс күндері сағат 8:00-ден 20:00-ге дейін белгілей отырып ұйымдастыру;**

4.15. серіктесінде нәтижесі берілген күннен бастап 3 тәуліктен аспаған ПТР әдісімен COVID-19 тестінің теріс нәтижесі бар анықтамасы болған кезде серіктестік босануды жүргізуге рұқсат беру;

4.16. ағымдағы жылдың IV тоқсанында білім беру объектілерінде оқытуды ұйымдастыру:

- оқушылар саны 300-ге дейін қалалық мектептерде дәстүрлі форматта, сыныптардағы балалар саны 10 адамнан аспайтындай, ата-аналардың өтініші бойынша;

- білім беру объектілерінің жұмысын қашықтықтан оқыту тәртіпте ұйымдастыру, мектеп бітіруші сыныптары (9, 11 (12) сыныптар) қоспағанда, олар үшін оқыту аралас форматында (пәндердің 70% -дәстүрлі форматта, 30% - қашықтықтан), сыныпта 15 адамнан артық емес, ата-аналардың өтініштері бойынша.

Білім беру объектілерінің жұмысы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №ҚР ДСМ-98/2020 бұйрығымен өзгеріс енгізілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 Бұйрығының 10-тарауын сақтай отырып рұқсат етіледі. **Білім беру объектілерінде COVID-19 жағдайлары тіркелген кезінде объектіні карантинге жабу осы қаулының №1 қосымшасына сәйкес жүргізіледі;**

4.17. жоғары оқу орындары мен колледждердің бірінші курс студенттерін қашықтықтан оқытуды жалғастыру;

4.18. білім беру мекемелерінде сабақтан тыс уақытта оқушылардың жеке оқуын ұйымдастыруға тыйым салу;

4.19. меншік нысанына қарамастан, мектепке дейінгі ұйымдарда кезекші топтардың жұмысын әр топта 15 баладан артық емес етіп толтырумен, жаңа кезекші топтарды ашуға тыйым салумен, санитариялық-эпидемияға қарсы,

санитариялық-профилактикалық, карантиндік шараларды қатаң сақтай отырып, жұмыс кестесін жұмыс күндері сағат 07:30-дан 18:30-ға дейін белгілеп, демалыс күндері жұмыстарына тыйым салумен ұйымдастыру. Тәрбиелеу объектілерінде COVID-19 жағдайлары тіркелген кезде объектіні карантинге жабу осы қаулының №1 қосымшасына сәйкес жүргізіледі;

4.20. балаларды дамыту орталықтарының, балалар мен ересектерге арналған үйірмелердің, білім беру орталықтарының жұмысын (15 адамға дейінгі топтарда алдын ала жазылу бойынша) күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен, **жұмыс кестесін жұмыс және демалыс күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін ұйымдастыру;**

4.21. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы №ҚР ДСМ-98/2020 бұйрығымен өзгеріс енгізілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 Бұйрығының 10 тарауына сәйкес, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, тек басқа қаладан келген балалар тұратын арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың жұмысын ұйымдастыру. **Осы тармақта көрсетілген объектілерге баратын балалар немесе қызметкерлер арасында COVID-19 ауруының бір жағдайы тіркелген кезде инкубациялық кезең аяқталғанға дейін осы объектілердің карантинге жабылуын қамтамасыз ету;**

4.22. балалар мен ересектерге арналған түзету кабинеттерінің жұмысын (15 адамнан артық емес, алдын ала жазылу бойынша) күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, **жұмыс кестесін жұмыс және демалыс күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін ұйымдастыру;**

4.23. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес, уақыты мен саны бойынша шектеумен, қаржы нарығы субъектілерінің (екінші деңгейдегі банктер, айырбастау пункттері, ипотекалық ұйымдар, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру брокерлері, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржы ұйымдары, кредиттік серіктестіктер, ломбардтар, төлем ұйымдары, коллекторлық агенттіктер) қызметіне рұқсат беру;

4.24. бизнес-орталықтардың, іскерлік үйлердің, сондай-ақ оларда орналасқан адвокаттардың, нотариустың, бухгалтер мен консалтингтің қызметін көрсету объектілерінің, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктің, жарнама агенттіктерінің, сот орындаушыларының, туроператорлардың және басқа жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып **жұмыс кестесін жұмыс және**

демалыс күндері штаттық режимде белгілей отырып, ондағы азық-түлік емес тауарларды сатуға арналған бөлшек butikтердің (бөлімдердің) жұмысына сенбі және жексенбі күндері тыйым сала отырып ұйымдастыру; COVID-19-ға қарсы вакцинацияланбаған және соңғы 6 ай ішінде COVID-19-мен ауырмаған қызметкерлер міндеттерін қашықтықтан орындау мүмкін емес жұмыскерлерді қоспағанда, қашықтықтан жұмыс істеу форматына ауыстырылады;

4.25. халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы туризм объектілері мен ұйымдардың (қонақ үйлер, отелдер, демалыс үйлері, туристік базалар және т.б.) жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, **жобалық қуаттың 80%-нан аспайтын** толымдылығын сақтаған кезде ұйымдастыру;

4.26. сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің, сауда орталықтарының жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, бір келушіге 4 м² есебінен толымдылығын сақтаған кезде, **жұмыс кестесін жұмыс күндері сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым салумен ұйымдастыру** (оларда орналасқан дәріханалардан, сондай-ақ азық-түлік пен бірінші қажеттіліктегі тауарларды сататын минимаркеттерден, супермаркеттерден және гипермаркеттерден, сондай-ақ олардың қызметіне осы қаулы бойынша олардың орналасуына қарамастан рұқсат етілген объектілерді және «Ashyq» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда). **COVID-19-ға қарсы жаппай вакцинациялау үшін қосымша пункттер орналастырылған нысандар үшін жұмыс және демалыс күндері сағат 8:00-ден 22:00-ге дейін жұмыс режимі белгіленеді.** Бұл ретте көрсетілген объектілерде және олардың аумақтарында орналасқан аттракциондардың, балалардың ойын алаңдарының, мұзды және роликті сырғанақтардың, ойын орталықтарының жұмысына қатаң тыйым салынады. **Фудкорттардың жұмысы штаттық режимде тек тамақты жеткізуге және шығаруға рұқсат етіледі, «Ashyq» жобасына қатысушы фудкорттарды қоспағанда, олар үшін Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 18 қаулысына 4-қосымшаға сәйкес өлшемшарттар қолданылады.** Акциялардың, жәрменкелердің, шоурумдардың, ұтыс ойындарының әртүрлі түрлерін өткізуге тыйым салынады (онлайн форматтан басқа);

4.27. ашық ауадағы аттракциондардың жұмысын, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды және касса жанындағы аймақтарда және кезектер пайда болатын басқа да орындарда әлеуметтік қашықтықты сақтаумен, **жұмыс кестесін жұмыс және демалыс күндері сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін белгілей отырып ұйымдастыру;**

4.28. Аниматроникстер театрларының жұмысын қатаң түрде галереялар/музейлер типі бойынша жұмыс режимінде, әр аймаққа бір уақытта 10 келушіден аспайтын, бір келушіге кемінде 4 м² есебімен, театр қойылымдарын өткізуге тыйым сала отырып, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып және **жұмыс**

және сенбі күндері сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, жексенбі күндері жұмыс істеуге тыйым сала отырып ұйымдастыру;

4.29. «Ashyq» жобасына қатысатын океанариумдардың жұмысын топтық экскурсияларға (15 адамнан аспайтын) рұқсат бере отырып, бір келушіге кемінде 4 м² есептей отырып, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып **және жұмыс және демалыс күндері сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып ұйымдастыру;**

4.30. кітапханалардың, мұражайлардың, галереялардың жұмыстары күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, топтық экскурсияларды ұйымдастыруға тыйым сала отырып **және штаттық жұмыс режимін белгілей отырып ұйымдастыру;**

4.31. көрмелер жұмысын «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік субъектілері үшін күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, 1 келушіге кемінде 6 м² есеппен толымдылығын 70% - дан аспайтын көлемде сақтаумен, бірақ бір уақытта 150 адамнан аспайтындай, жұмыс тәртібін **штаттық режимде** белгілей отырып ұйымдастыру;

4.32. су аттракциондарынсыз бассейндердің жұмыс істеу бөлігіндегі жабық жағажайлар мен аквапарктердің жұмысын, орналасқан жеріне қарамастан, бір адамға 5 м² су айнасы есебінен күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып **жұмыс кестесін жұмыс күндері сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым салумен ұйымдастыру;**

4.33. қоғамдық тамақтану объектілерінің жұмысын (мейрамханалар, дәмханалар, барлар, асханалар) күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды, бір үстелде 4-6 адамнан аспайтын және көрші үстелдердің шеткі орындары арасында кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, орналасқан жеріне қарамастан, толымдылығы бойынша 50% - ға дейін, отырғызылуы 30 орыннан асырмай ұй-жай ішінде жұмыс кестесін **жұмыс күндері сағат 07:00-ден 22:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым салумен** және тамақты жеткізуге және шығаруға штаттық режимде ұйымдастыру. Ашық ауада қоғамдық тамақтандыру объектілерінің (жазғы залдардың) жұмысы отыратын орындарының саны 30-дан аспайтындай етіп, жұмыс кестесін **жұмыс және демалыс күндері сағат 07:00-ден 24:00-ге дейін** белгілей отырып рұқсат етіледі. «Ashyq» жобасына қатысатын қоғамдық тамақтану объектілерін, оның ішінде банкет залдары мен караокені қоспағанда, олар үшін **Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 18 қаулысына 4-қосымшаға сәйкес өлшемшарттар қолданылады.** Бұл ретте ұжымдық, салтанатты, отбасылық, естелік (ұжымдық ифтар (ауызашар), банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу және т. б.) және басқа да бұқаралық іс-шараларды («Ashyq» жобасына қатысатын

объектілерде өткізілетін іс-шараларды қоспағанда) ұйымдастыруға және өткізуге қатаң тыйым салынады;

4.34. жабық азық-түлік және азық түлік емес базарлардың жұмысын санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды күшейте отырып, бір келушіге 4 м² есебінен толымдылығын сақтаумен, жұмыс кестесін **азық-түлік базарлары үшін штаттық режимде, азық түлік емес базарлар үшін жұмыс күндері сағат 10:00-ден 20:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмыстарына тыйым салумен ұйымдастыру. COVID-19-ға қарсы жаппай вакцинациялау үшін қосымша пункттер орналастырылған нысандар үшін жұмыс және демалыс күндері сағат 8:00-ден 20:00-ге дейін жұмыс режимі белгіленеді;**

4.35. ашық аспан астындағы азық-түлік және азық-түлік емес базарлар күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, жұмыс кестесін **штаттық режимде ұйымдастыру;**

4.36. «демалыс күнгі» азық-түлік жәрмеңкелерінің (ашық ауада) жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып және жұмыс кестесін **демалыс күндері сағат 09:00-ден 17:00-ге дейін белгілей отырып ұйымдастыру;**

4.37. азық-түлік тауарларын сату бойынша дүкендер, шағын маркеттер, супермаркеттер, гипермаркеттер орналасқан жеріне қарамастан, жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, бір келушіге 4 м² есебінен толымдылығын сақтаған жағдайда, **жұмыс кестесін штаттық режимде белгілей отырып ұйымдастыру;**

4.38. азық-түлік емес тауарларды өткізу объектілерінің жұмысын бір сатып алушыға 4 м² есебінен, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, сауда алаңы 2000м² дейінгі объектілер (сауда желілерінен басқа) үшін жұмыс кестесін **жұмыс және демалыс күндері сағат 09:00-ден 20:00-ге дейін белгілей отырып, сауда алаңы 2000 м² асатын объектілер және сауда алаңына қарамастан сауда желілері үшін жұмыс күндері сағат 09:00-ден 22:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмыстарына тыйым салумен ұйымдастыру (онлайн сатуды қоспағанда);**

4.39. тамақ өнімдерімен көше саудасының санкцияланған түрлерінің оның ішінде тез тамақ өнімдерін, пончиктерді, балмұздақтарды, алып шығуға арналған кофелерді, көкөніс шатырларын, стрит-фуд және т. б. сататын объектілердің жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, **жұмыс кестесін штаттық режимде белгілей отырып ұйымдастыру;**

4.40. гүлдерді сату бойынша объектілердің жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен және **штаттық режимде жұмыс кестесін белгілей отырып ұйымдастыру;**

4.41. жабық спорттық объектілердің жұмысын (спорт кешендері, спорт мектептері, спорт клубтары, жаттығу залдары) меншік нысанына қарамастан,

топтық дайындықсыз, тек жеке жаттығулар үшін, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен, **жұмыс кестесін жұмыс күні сағат 07:00-ден 22:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмыстарына тыйым салумен ұйымдастыру;**

4.42. Ұлттық құрамалар, клуб командалары үшін спорттық жаттығуларды (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорттық базаларда тұру) күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып ұйымдастыру;

4.43. облыстық командаларды дайындауға арналған оқу-жаттығу жиындарын спортшылар мен жаттықтырушылар құрамы COVID-19-ға қарсы вакцинациялаудың толық курсы алғаны туралы құжаттамалық растау ұсынған жағдайда, күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, бір уақытта 30 адамнан аспайтындай ұйымдастыру;

4.44. марафондар (ашық ауада) өткізуді «Ashyq» жобасына қатысушылар үшін күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, қатысушылар саны 30 адамнан аспайтындай ұйымдастыру;

4.45. көрермендермен спорттық іс-шараларды «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік субъектілері үшін ғана күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, 20 % дейін толымдылығын сақтай отырып ұйымдастыру;

4.46. фитнес-орталықтардың, фитнес-клубтардың, йога орталықтары, спорттық-сауықтыру объектілерінің жұмыстарын орналасқан жеріне қарамастан, бассейндер мен сауналарды, СПА, массаж, пилинг және т. б. іске қосылуымен, бір келушіге жаттығу залының 4 м² есебімен, бір келушіге 5 м² су айнасын қамтамасыз етумен қатаң түрде алдын ала жазылу бойынша, топтық сабақсыз, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен, **жұмыс кестесін жұмыс күні сағат 07:00-ден 22:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмыстарына тыйым салумен ұйымдастыру, «Ashyq» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда, 5 адамнан аспайтын топпен сабақ өткізуге жол беріледі;**

4.47. жабық бассейндердің жұмысын сауналарды қатыстыра отырып, қатаң түрде алдын ала жазылу бойынша, бір жолда бір келушіден қатаң түрде бір уақытта болуын қамтамасыз ете отырып, олар болмаған кезде бір адамға 5 м² су айнасын есептей отырып, топтық дайындықтар өткізбей, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен, **жұмыс кестесін жұмыс күні сағат 07:00-ден 22:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмыстарына тыйым салумен ұйымдастыру, «Ashyq» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда;**

4.48. моншаның жұмысын бассейндер, СПА, массаж, пилинг және т. б. іске қосылуымен (қатаң түрде алдын ала жазылу бойынша) бір келушіге 4 м² есебімен, бір адамға 5 м² су айнасын есептей отырып күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, **штаттық режимде жұмыс кестесін белгілей отырып ұйымдастыру;**

4.49. саунаның жұмысын бассейндер, СПА, массаж, пилинг және т. б. іске қосылуымен бір келушіге 4м² есебімен, бір адамға 5м² су айнасын есептей отырып күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, **жұмыс кестесін жұмыс күні сағат 07:00-ден 23:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмыстарына тыйым салумен ұйымдастыру, «Ashyq» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда;**

4.50. СПА-орталықтарының, СПА-салондардың, сондай-ақ массаж орталықтары мен кабинеттердің жұмысын (қатаң түрде алдын ала жазылу бойынша) бір мезгілде 3 келушіден аспайтын массаж салонына барумен, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтаумен, **жұмыс кестесін жұмыс күні сағат 07:00-ден 22:00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмыстарына тыйым салумен ұйымдастыру, «Ashyq» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда;**

4.51. сұлулық салондарының, шаштараздардың, «барбер шоптың», косметикалық және косметологиялық қызметтер, маникюр және педикюр қызметтерін көрсететін, орталықтар мен салондардың жұмысын (қатаң түрде алдын ала жазылу бойынша 1 келушіге 4 м² есебінен) орналасқан жеріне қарамастан, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, **жұмыс кестесін жұмыс және демалыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейін ұйымдастыру;**

4.52. көлік жуу, авто және тұрмыстық техниканы, шиномонтаж станцияларын жөндеу қызметтерін көрсету бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің жұмысын орналасқан жеріне қарамастан, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, **штаттық режимде жұмыс кестесін белгілей отырып ұйымдастыру;**

4.53. өндірістік кәсіпорындарының барлық қызмет түрлерінің жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, **штаттық режимде жұмыс кестесін белгілей отырып ұйымдастыру;**

4.54. адамдардың көп жиналуын, сондай-ақ ұзақ және тығыз байланысты болдырмайтын, халыққа қызмет көрсету объектілерінің (баспахана, полиграфия, тігін шеберханалары мен ателье, аяқ киім шеберханалары, ұсақ-түйекті жөндеу сервисі және т.б.) жұмысын орналасқан жеріне қарамастан, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, жұмыс кестесін **штаттық режимде** белгілей отырып ұйымдастыру;

4.55. қызмет көрсету саласы объектілерінің (химиялық тазалау, кір жуу, оргтехникасын жөндеу) жұмысын орналасқан жеріне қарамастан, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шаралардың сақталуын қамтамасыз етумен, жұмыс кестесін **штаттық режимде** белгілей отырып ұйымдастыру;

4.56. салттық қызметтер көрсету бойынша объектілердің жұмысын күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып жұмыс кестесін шектеместен ұйымдастыру;

4.57. компьютерлік клубтардың, PlayStation клубтарының жұмысы тек «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік субъектілері үшін, толымдылығы 30% -дан аспайтын, келушілер арасындағы қашықтық 1,5 метрден кем емес немесе 1 келушіге 4 шаршы метр есебінен қашықтықты қамтамасыз ете отырып, **жұмыс кестесін жұмыс және демалыс күндері сағат 12.00-ден 24.00-ге дейін белгілей отырып ұйымдастыру.** Тек 16 жастағы және одан асқан адамдарға рұқсат етіледі;

4.58. боулинг-орталықтардың жұмысын тек «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік субъектілері үшін, толымдылығы 30% -дан аспайтын, бір уақытта бір ойын жолында 6 адамнан аспайтын қатысумен **жұмыс кестесін жұмыс және демалыс күндері сағат 12.00-ден 24.00-ге дейін белгілей отырып ұйымдастыру.** Бұл ретте конкурстарды, ұжымдық (корпоративтік) іс-шараларды өткізуге жол берілмейді;

4.59. кинотеатрлардың, театрлардың, концерт залдарының, филармониялардың жұмысын тек «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік субъектілері (объектілері) үшін, отыратын орындар санынан 30% артық емес толтырумен, көрермендерді қатардың ұзындығы бойынша екі кресло арқылы және қатарлар арасында шахматтық тәртіппен отырғызумен, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып, **жұмыс кестесін жұмыс және демалыс күндері сағат 10:00-ден 24:00-ге дейін белгілей отырып, акциялар өткізбей ұйымдастыру;**

4.60. бильярд клубтарының жұмысын тек «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік субъектілері үшін, толымдылығы 30% -дан аспайтын, 1 келушіге 4 шаршы метр есебінен қашықтықты қамтамасыз ете отырып, ойын үстелдерін бір-бірінен кемінде 4 м қашықтықта орналастырумен, күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып және **жұмыс кестесін жұмыс және демалыс күндері сағат 10:00-ден 24:00-ге дейін белгілей отырып ұйымдастыру;**

4.61. Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасының чемпионаттарын және республикалық жарыстарды (бірыңғай республикалық күнтізбе бойынша) көрермендердің қатысуынсыз, № 67 ҚР БМСДҚ 44 қосымшасына сәйкес күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды сақтай отырып ұйымдастыру;

4.62. студияларда тікелей эфирдегі телебағдарламаларды жүргізу мен жазу кезінде көрермендердің қатысуына тыйым салу;

4.63. компьютерлік клубтардың, боулинг, кинотеатрлардың, концерт залдарының, театр, цирк, көрмелердің, бильярд, караокенің, кинорумдардың, жанамалы хайуанаттар паркінің, океанариумдердің, батуттардың, түнгі клубтардың, букмекерлік кеңселер мен ойын клубтарының, оның ішінде лотереялар ұтысы, жабық ғимараттардағы ойын алаңдары мен аттракциондары, оның ішінде спорттық объектілерде орналасқандарды қоспағанда, мұзды және роликті мұз айдындарының **жұмыстарына тыйым салу** («Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда);

4.64. жабық үй-жайлардағы және ашық ауадағы (*ашық ауадағы «демалыс күнгі» азық-түлік жәрмеңкелерін қоспағанда*) жәрмеңкелердің кез келген түрін өткізуге тыйым салу;

4.65. «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, орналасқан жеріне қарамастан, фудкорт, банкет және салтанатты залдардың жұмысына тыйым салу»;

4.66. «Ashyq» жобасына қатысатын кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда бұқаралық іс-шараларға, оның ішінде отбасылық, мерейтойлық іс-шараларға, ұжымдық ифтар (ауыз ашар), оның ішінде үйде, форумдар, конференциялар, семинарлар, жиналыстар, тыңдаулар, көрмелер, акциялар, шоурумдар, ұтыс ойындарын (онлайн форматтан басқа) өткізуге тыйым салу;

4.67. мектеп жанындағы лагерьлердің, жалпы білім беретін мектептер жанындағы қосымша білім беру объектілерінің (үйірмелердің әртүрлі түрлері) қызметіне тыйым салу;

4.68. объектілердің барлық түрлерінің жұмысын ұйымдастыруға «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67 қаулысындағы объектілердің жұмысына қойылатын талаптар алгоритмі, «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 27 ақпандағы № 9 қаулысы, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 5 наурыздағы № 10 қаулысы, «Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 17 қаулысының талаптары қатаң сақталған жағдайда жол беріледі.

5. Нұр-Сұлтан қаласының ішкі саясат басқармасы:

5.1. қоғам мен мемлекеттің, адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қабылданатын шешімдердің маңыздылығы мен өмірлік қажеттілігін түсіндіру, қабылданатын шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде ақпараттық сүйемелдеу жүргізуді қамтамасыз етсін;

5.2. осы Қаулыны барлық мүдделі мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, кәсіпкерлік субъектілерінің және қала тұрғындарының назарына жеткізсін.

6. Нұр-Сұлтан қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің аудандық басқармалары, Нұр-Сұлтан қаласының полиция департаменті, Нұр-Сұлтан қаласының аудандық әкімдіктері осы Қаулының орындалуына күшейтілген бақылауды қамтамасыз етсін.

7. Нұр-Сұлтан қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Нұр-Сұлтан қаласындағы шектеу және карантиндік іс-шараларын күшейту

туралы» 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 16 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

8. Осы қаулы **2021 жылғы 7 мамыр сағат 00:00-ден бастап** күшіне енеді.

**Нұр-Сұлтан қаласының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері**

С.Бейсенова

Дата: 06.05.2021 19:04. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.4.17. Положительный результат проверки ЭЦП

қосымша №1

**COVID-19 тіркелген жағдайда білім беру және тәрбие
объектілерін карантинге жабу (қашықтықтан оқытуға көшу) критерийлері**

Контингент	COVID-19-ң 1-2 жағдайы	Бір-бірімен эпидемиялық байланысты (отбасылық ошақтардан басқа) COVID-19-ң 3 және одан да көп жағдайы
Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына баратын балалар, тәрбиешілер мен күтушілер	Топ	Толығымен балабақша
Мектепке дейінгі ұйымдардың басқа қызметкерлері	жақын байланыста болған адамдар	Толығымен балабақша
Білім беру объектілерінің оқушылары	Сынып / топ	Толығымен білім беру мекемесі
Білім беру объектілерінің оқытушылары	Оқытылатын сынып(тар)	Толығымен білім беру мекемесі
Білім беру объектілерінің өзге де қызметкерлері (әкімшілік, қосалқы персонал)	жақын байланыста болған адамдар	Толығымен білім беру мекемесі

**Постановление
Об ограничительных
и карантинных мерах в городе Нур-Султан**

6 мая 2021 года

г. Нур-Султан

